



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Астана қаласы

№125 26.04.2024 ж.

город Астана

**Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді мониторингтеу
жөніндегі комитетті құру туралы**

«Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 11 қазандағы №167-р өкіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес құрамда Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді мониторингтеу жөніндегі комитет (бұдан әрі – Комитет) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Комитет туралы ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді мониторингтеу жөніндегі комитетті құру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 20 мамырдағы №145 және «Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді мониторингтеу жөніндегі комитетті құру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 20 мамырдағы №145 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2022 жылғы 1 қарашадағы №261 бұйрықтарының күші жойылсын.

4. Әлеуметтік саланы, құқық қорғау және арнаулы органдарды дамыту департаменті осы бұйрықты мүдделі адамдардың назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бірінші вице-министр

Т. Жақсылықов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2024 жылғы «26» сәуірдегі
№125 бұйрығына қосымша

**Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді мониторингтеу
жөніндегі комитеттің құрамы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, жетекші

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Әлеуметтік саланы, құқық қорғау және арнаулы органдарды дамыту департаментінің директоры, жетекшінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Әлеуметтік саланы, құқық қорғау және арнаулы органдарды дамыту департаменті Орнықты даму мақсаттарын үйлестіру басқармасының басшысы, хатшы

Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі Стратегиялық даму және ақпараттық-талдамалық жұмыс бөлімінің меңгерушісі (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитеті төрағасының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Азаматтық қоғам істері комитеті төрағасының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Стратегиялық жоспарлау және талдау департаментінің директоры (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Халықаралық ынтымақтастық және орнықты даму департаментінің директоры (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Стратегиялық жоспарлау және талдау департаментінің директоры (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Стратегиялық жоспарлау және талдау департаментінің директоры (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Стратегия және даму департаментінің директоры (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Стратегиялық жоспарлау және ақпараттық-талдау жұмысы департаментінің директоры (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Стратегиялық талдау және даму департаментінің директоры

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық саясат департаментінің директоры (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру департаментінің директоры (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі штабының Жоспарлау және бақылау басқармасының бастығы (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Стратегия және талдау департаменті директорының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су саясаты департаменті директорының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда саясаты және стратегиялық жоспарлау департаменті директорының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Стратегия және халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Көпжақты ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Әлеуметтік саланы, құқық қорғау және арнаулы органдарды дамыту департаменті директорының орынбасары

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Стратегиялық жоспарлау департаменті директорының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ұйымдастыру-бақылау департаменті (Штаб) Стратегия, жобалар және цифрландыру басқармасының басшысы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Персоналды басқару және стратегия департаменті Стратегиялық даму басқармасының басшысы (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Салааралық үйлестіру департаменті Стратегиялық жоспарлау және бағдарламалық құжаттар мониторингі басқармасының басшысы (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және жобалық басқару департаменті Стратегиялық жоспарлау және бағдарламалық құжаттар мониторингі басқармасының басшысы (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті Халықаралық ұйымдар және өңірлік ынтымақтастық басқармасының басшысы (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері жөніндегі комитеті Гендерлік саясатты үйлестіру басқармасының басшысы (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Нормативтік қамтамасыз ету және азаматтық хал актілерін тіркеуді бақылау және апостиль қою басқармасының басшысы (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Заң қызметтерін ұйымдастыру және лицензиялау басқармасының бас сарапшысы (келісу бойынша)

«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы Басқармасының төрағасы (келісу бойынша)

«Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы Басқармасы төрағасының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Қоғамдық кеңесінің мүшесі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
2024 жылғы «26» сәуірдегі № 125
бұйрығымен бекітілген

Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді мониторингтеу жөніндегі комитет туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді мониторингтеу жөніндегі комитет (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңнамасын және осы ережені басшылыққа алады.

3. Комитеттің құрамы мемлекеттік органдардың, ғылыми-зерттеу ұйымдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі қоғамдық кеңесінің және қажет болған жағдайда халықаралық ұйымдардың өкілдерінен құрылады.

4. Комитет жетекшіден, оның орынбасарынан және Комитет мүшелерінен тұрады.

Отырыс өткізуге қажетті құжаттар мен материалдарды дайындауды Комитет мүшесі болып табылмайтын Комитет хатшысы жүзеге асырады.

5. «Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы Комитеттің жұмыс органы болып табылады.

6. Комитеттің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

2-тарау. Комитеттің міндеттері

7. Қазақстанда 2030 жылға дейін Орнықты даму мақсаттарына (бұдан әрі – ОДМ) қол жеткізуді мониторингтеуді жүзеге асыру Комитеттің негізгі міндеті болып табылады.

8. Комитет негізгі міндетке қол жеткізу мақсатында мыналарды жүзеге асырады:

1) ОДМ бойынша үйлестіру кеңесінің хаттамалық тапсырмаларын, сондай-ақ ведомствоаралық жұмыс топтарының жылдық жұмыс жоспарларын іске асыруды мониторингтеу;

2) ОДМ бойынша Үйлестіру кеңесінің күн тәртібі үшін ұсыныстар қалыптастыру, сондай-ақ ОДМ бойынша үйлестіру кеңесінің қарауына ОДМ іске асыру мониторингінің нәтижелерін енгізу;

3) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына ОДМ ұлттандырылған индикаторларын интеграциялау және мониторингтеу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

4) ұлттандырылған міндеттерді және ОДМ индикаторларын жергілікті деңгейдегі мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына оқшаулау жөніндегі ұсыныстарды қарау;

5) ОДМ ұлттық индикаторларының тізбесін өзектілендіру;

6) Қазақстанда ОДМ іске асыру бойынша әлеуетті проблемаларды анықтау мақсатында ОДМ тұрақты даму индексінің нәтижелерін мониторингтеу;

7) Қазақстанның ерікті Ұлттық шолуларын дайындау жөніндегі жұмысты үйлестіру;

8) облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдерінің аппараттарымен жергілікті деңгейде ОДМ іске асыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

9) орталық және жергілікті деңгейлерде ОДМ іске асыру мониторингі.

3-тарау. Комитеттің жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

9. Комитет Басшысы:

1) Комитеттің алдына қойылған міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) оның отырыстарында төрағалық етеді;

3) Комитет отырыстарының хаттамаларына және басқа да құжаттарға қол қояды;

4) Комитет отырысының күн тәртібін бекітеді;

5) Орнықты даму жөніндегі үйлестіру кеңесінің шешімдерін іске асыру жөніндегі комитеттің жұмысын жоспарлайды және жалпы бақылауды жүзеге асырады.

10. Комитеттің қызметін қамтамасыз ету мақсатында жұмыс органы:

1) Комитеттің ОДМ қол жеткізуді мониторингтеу жұмысын сараптамалық-әдіснамалық қолдауды жүзеге асырады;

2) ОДМ бойынша үйлестіру кеңесінің күн тәртібі үшін ұсыныстар қалыптастырады;

3) ОДМ іске асыру бойынша алдағы жылға арналған шаралар жоспарын әзірлейді;

4) ОДМ іске асыру саласында ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізеді.

11. Отырыстың күн тәртібін, сондай-ақ өткізілетін күнін, уақыты мен орнын Комитет басшысы айқындайды.

12. Комитет отырысы өткізілгеннен кейін хатшы хаттама ресімдейді.

13. Комитет мүшелері ерекше пікірін білдіре алады, ол отырыс хаттамасына енгізіледі.

